

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 253 бұйрығы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) «Астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі қағидаларын, астық қолхаттарының үлгілеріне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан, Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-1/620 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12092 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 4 қарашада жарияланған);

2) «Астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және өтелуі қағидаларын, астық қолхаттарының үлгілеріне және астық қолхаты жазылатын бланкілерге қойылатын талаптарды, Астық қолхаттары бланкілерін шығару сатып алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2015 жылғы 9 шілдедегі № 4-1/620 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13194 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 1 наурызда жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдасын.

3. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Ұ л т т ы қ

э к о н о м и к а

м и н и с т р і

2016 жылғы 13 маусым

Қ.

Бишімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК